

Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы диссертациялық кеңес

Исламтану/дінтану бойынша Диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Сатершинов Бақытжан Менлібекұлы

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары

Құрманбаев Қайрат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 2019 жылғы 12 тамызындағы № 648 бүйрүгімен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

8D02201 «Исламтану» мамандығы бойынша;

8D02202 «Дінтану» мамандығы бойынша диссертация корғауын қабылдауга рұқсат берілген.

1. Откізілген отырыстың саны туралы деректер

2022 жылы Диссертациялық кеңесте 1 диссиденттың диссертациялық жұмысының корғауы өтті. Есеп берілпіп отырган мерзімге дейін кеңесте 2 отырыс өткізілді.

2. Откізілген отырысқа қашықтан қатысқан кеңес мүшелерінің тегі

– Бекназаров Рахым Ағыбайұлы (онлайн қатысты)

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО
1	Мырзагелдиев Бейбіт Әліпбекұлы	Дінтану	«Патшалық Ресей тұсындағы Казақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)»	Отандық ғылыми кеңесші: Филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы Әбу Ханифа ғылыми- зерттеу орталығының директоры Керім Шамшәдин Тұрсынұлы Шетелдік ғылыми кеңесші: Ресей ислам	Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті

				университетінің профессор, Саясаттану ғылымдарының докторы, академик Мухаметшин Рафик Мухаметшовиң. (РФ, Татарстан, Казан)	
--	--	--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

4. Жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыс тақырыбына талдау

Қорғалған диссертациялық жұмыстардың тақырыбы дінтану саласымен байланысты.

Мырзагелдиев Бейбіт Әліпбекұлының «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)» тақырыбында жазылған диссертациясында мұсылмандық басқару мен қазақ даласындағы Орынбор мұфтилігінің қызметі герменевтикалық және тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттеліп, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндегі ғылыми нәтижелер ұсынылған. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесі мен контенті қазақстан тарихындағы исламды және мемлекет пен дін, конфессиялардың қатынастарды зерттеушілердің ғылыми қоры мен теориялық негіздерін байытады. Сонымен қатар зерттеу жұмысы еліміздегі басқармасының тарихын жүйелі түрде зерттеуге алғышарт болады.

4.2 Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өнірлік ғылыми және ғылыми техникалық бағдарламалармен байланысы

Диссертациялық кеңестің отырыстарында қаралған диссертация Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Білім беру бағдарламаларына, Университеттің Даму стратегиясына, Дінтану кафедрасының ғылыми зерттеу жоспарларына сәйкес орындалған. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстың Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» және ұлттық мәдени мұраны игерумен байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысы бар.

4.3 Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау

Мырзагелдиев Бейбіт Әліпбекұлының «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Ғылыми ізденістің тұжырымдары дінтану және исламтану, тарих салаларын кешенді зерттеу жұмыстарында маңызды, сонымен қатар қазақ жеріндегі ислам дініне қатысты діни ұйымдар мен бірлестіктердің тарихы мен эволюциясын анықтауға, Қазақстан Республикасы үшін дәстүрлі болып табылатын ислам дінінің тарихын зерттеп зерделеуге өзіндік үлес қосады. Диссертация жұмысының тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерін дінтану, исламтану және теология мамандықтары бойынша білім алатын орта-көсіби

колледждерде және жоғары білім беретін оқу орындарында, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасайтын ғылыми институттар мен орталықтарда материал немесе қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Диссертация материалдарын еліміздегі ислам тарихы, дінтану, мемлекет пен дін қатынастары пәндерін оқытуда қолдануға болады. Сондай-ақ әлі күнге толық зерттелмей келе жатқан діни тұлғалардың өмір тарихы мен қазақ қоғамындағы неке және отбасы қатынастарын, гендерлік мәселелерді зерттеушілер үшін құнды әдебиет бола алады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау

Ph.D докторантты Мырзагелдиев Бейбіт Әліпбекұлының «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына келесі рецензенттер тағайындалды:

1. Мухтарова Гульмира Раиловна – КР Мәдениет және спорт министрлігінің «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры тарих ғылымдарының докторы.
2. Бағашarov Құдайберді Сабыржанұлы – PhD докторы, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті.

Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынды. Онда диссертациялық жұмыс тақырыптарының өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және практикалық құндылығы негізdemесінің дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланып, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні. бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берілген.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011ж. «31» наурыздағы №126 бұйрығымен (2012 жылғы 18 мамырдағы № 225, 2013 жылғы 4 мамырдағы №172, 2016 жылғы 21 қаңтардағы №56, 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512, КР Білім және ғылым министрлігінің 09.03.2021 № 98 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

8D02201 «Исламтану» және 8D02202 «Дінтану» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің жұмыс мерзімінің үш жылдан кейін де жалғасын табуын ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер

	8D02202 «Дінтану»	8D02201 «Исламтану»
Караудан алынып тасталған диссертациялар	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-

Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	1	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Коргалған диссертациялардың жалпы саны	1	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-

Диссертациялық кеңес тәрағасының
орынбасары

К. Құрманбаев

Диссертациялық кеңестің

А.Б. Әкімханов

Галым хатшысы

